

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2021 жылғы 16 тамыздағы № 7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 16 тамыздағы № 80 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2025 жылғы 19 наурыздағы № 4 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 26 наурыздағы № 14 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 наурызда № 35868 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2021 жылғы 16 тамыздағы №7 және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 16 тамыздағы № 80 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24034 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

6, 6-1- және 7 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілеріне:

бағалы металдар мен тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар жатады.

6-1. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі орташа бақылау субъектілеріне:

лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлер;

заң консультанттары - мынадай қызметтерге:

жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға;

клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға;

банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға;

компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға;

заңды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда;

бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар жатады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі төмен бақылау субъектілеріне, заң мәселелері жөніндегі тәуелсіз мамандар жатады - мынадай қызметтерге:

жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға;

клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға;

банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға;

компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға;

заңды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда.";

12-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері".

Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1-қосымшада мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-жолмен толықтырылсын:

"

13	Қаржылық мониторингке жататын күдікті операциялар туралы ақпарат беру	өрескел
----	---	---------

";

Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымшада 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операциялар туралы ақпарат беру (шекті сомаға тең немесе одан асатын операция)	Өлшемшарттардың 12-тармағының 1) тармақшасы (бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері) (БАТЖ, ЭШФ АЖ, Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі)	Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауға шығу	Болуы	Болмауы		
		Өлшемшарттардың 12-тармағының 4) тармақшасы мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		0%	100%		

".

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8-жолмен толықтырылсын:

"

		Өлшемшарттардың 12-тармағының 1) тармақшасы (бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік		Болуы	Болмауы		

8	Қаржылық мониторингке жататын күдікті операциялар туралы ақпарат беру	пен мәліметтер мониторингін інің нәтижелері) (БАТЖ, ЭШФ АЖ, Сотка дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі) Өлшемшарттардың 12-тармағының 4) тармақшасы мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері	Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауға шығу	0%	100%		
---	---	--	---	----	------	--	--

”;

2. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Қаржылық мониторинг субъектілерімен жұмыс департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бірінші орынбасарына және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

С. Жумангарин

Қазақстан Республикасы
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы

Ж. Элиманов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ